

Жалағаш кентіндегі 1 май көшесін қайта атау туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы кент әкімінің 2010 жылғы 22 сәуірдегі N 284 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жалағаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 20 мамырда N 10-6-153 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес кент халқының пікірін және Жалағаш ауданы әкімі жанындағы консультациялық-кеңесші орган комиссия мәжілісінің 2010 жылғы 5 сәуірдегі N 1 хаттамасын ескере отырып **ШЕШЕМІН:**

1. Жалағаш кентіндегі 1 Май көшесі Мәдібай Байтөреевтың атындағы көше болып қ а й т а а т а л с ы н .

2. Кент әкімінің орынбасары М. Ибраев осы шешімді іске асыру жөнінде қажетті ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Кент әкімі

А. Дарибаев